

Лебяжі ауданында 2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 275/12 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 қаңтарда № 4892 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 92/5 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 16.05.2016 № 92/5 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" № 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың ережесіне сәйкес, жұмыссыз азаматтар үшін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстар өтетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. 2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс 2-қосымшаға сәйкес анықталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Жанғазин

Лебяжі ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 275/12 қаулысына
1-қосымша

**2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстар өтетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері**

№ р/с	Ұйымдардың атаулары	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстардың көлемдері және нақты шаралары	Қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері
1.	"Лебяжі ауданының Баймолдин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру 2. Жас көшеттерді сақтауды қамтамасыз ету	Ағаштарды отырғызу - 200 дана; бұтақтарды отырғызу - 150 дана; аумақты жинау - 5000 шаршы метр; ағаштарды әктеу және кесу - 2000 дана; ескерткіштер мен обелисктерді, саябақ аумағын жинау және абаттандыру-500 шаршы метр; Баймолдин ауылдық округінің Баймолдин, Тақыр және Тереңкөл елді мекендерінің кіреберіс трасса жолдарын қоқыстан тазалау -3000 шаршы метр. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы. Саябақтарды және жас көшеттерді демалыс күндерін есепке алғанда бір айдың ішінде 1 адамға 8 сағаттан 176 сағат күзету.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
2.	"Лебяжі ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру 2. Жас көшеттерді сақтауды қамтамасыз ету	Ағаштарды отырғызу - 200 дана; аумақты жинау -6000 шаршы метр; ағаштарды кесу - 700 дана; қарды тазалау - 410 текше метр; ағаштарды әктеу - 1200 дана; тірек бағаналарын әктеу-100 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы. Саябақтарды және жас көшеттерді демалыс күндерін есепке алғанда үш ай ішінде 3 адамға 8 сағаттан 1584 сағат күзету.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
3.	"Лебяжі ауданының Қызылағаш ауылдық округі әкімінің аппараты	Елді мекендерді	Ағаштарды отырғызу - 150 дана; аумақты жинау -8000 шаршы метр; ағаштарды кесу және әктеу - 2000 дана; қарды тазалау - 300 текше метр.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет

	" мемлекеттік мекемесі	абаттандыру, көгалдандыру	8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	
4.	"Лебяжі ауданының Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру 2. Жас көшеттерді сақтауды қамтамасыз ету	Ағаштарды отырғызу - 200 дана; автотрассаға жататын аумақты жинау - 6000 шаршы метр; қарды тазалау - 610 текше метр; ағаштарды әктеу және кесу - 1700 дана; тірек бағаналарын әктеу - 250 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы. Саябақтарды және жас көшеттерді демалыс күндерін есепке алғанда үш ай ішінде 2 адамға 8 сағаттан 1056 сағат күзету.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
5.	"Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	Ауыл аумағын абаттандыру мен санитарлық тазалау - 6000 шаршы метр; қарды тазалау - 800 текше метр; ағаштарды отырғызу - 500 дана; ағаштарды әктеу және кесу - 2000 дана; тірек бағаналарын әктеу - 200 дана; балалар алаңын жинау және абаттандыру -320 шаршы метр; ескерткіштер мен обелисктерді, саябақтарды және алаңдарды жинау мен абаттандыру -1500 шаршы метр. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
6.	"Лебяжі ауданының Майқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	Ағаштарды отырғызу - 300 дана; аумақты жинау - 10000 шаршы метр; қарды тазалау - 800 текше метр; ағаштарды әктеу және кесу - 4000 дана; тірек бағаналарын әктеу - 120 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
7.	"Лебяжі ауданының Малыбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	Аумақты қардан тазалау - 1300 текше метр; ағаштарды отырғызу - 200 дана; ауланы қоқыстан жинау - 2500 шаршы метр; тірек бағаналарын әктеу - 50 дана; Малыбай ауылдық округінің Малыбай ауылындағы жастар саябағын абаттандыру: ағаштарды әктеу - 800 дана; жол бордюрлері мен қоршауларды әктеу - 1000 шаршы метр; гүлзарларды отырғызу - 300 шаршы метр; гүлзарлар мен ағаш бұтақтарын күту -1000 шаршы метр; орталық стадионды, балалар алаңын жинау және абаттандыру - 3000 шаршы метр; ағаштарды көктемгі дайындаудан өткізу - 1000 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
	"Лебяжі		Ағаштарды отырғызу - 100 дана;	

8.	ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі	Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	аумақты жинау - 4000 шаршы метр; қарды тазалау - 310 текше метр; ағаштарды әктеу және кесу - 1800 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
9.	"Лебяжі ауданының Шарбақты ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі	Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	Ағаштарды отырғызу -200 дана; аумақты жинау-10000 шаршы метр; қарды тазалау -1250 текше метр; ағаштарды әктеу және кесу - 800 дана; тірек бағаналарын әктеу - 150 дана. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
10.	"Лебяжі ауданының Ямышев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру	Ағаштарды отырғызу - 600 дана; ағаштарды кесу - 1000 дана; қарды тазалау- 1500 текше метр; аумақты қоқыстан жинау - 9000 шаршы метр; бағаналарды әктеу - 200 дана; Ямышев ауылдық округінің Қызылқоғам, Тілектес және Ямышев елді мекендерінің кіреберіс трасса жолдарын қоқыстан тазалау - 5000 шаршы метр. 8 сағаттық жұмыс күні, 5 күндік жұмыс аптасы.	Ең төменгі жалақы мөлшері, аудандық бюджет
		2. Жас көшеттерді сақтауды қамтамасыз ету	Саябақтарды және жас көшеттерді демалыс күндерін есепке алғанда үш ай ішінде 3 адамға 8 сағаттан 1584 сағат күзету.	

Лебяжі ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 275/12 қаулысына
2-қосымша

2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс

№ р/ с	Ұйымдардың атаулары	Сұраныс мәлімделген қажеттілік)	Ұсыныс (бекітілді адам)
1.	"Лебяжі ауданының Баймолдин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	9	9
2.	"Лебяжі ауданының Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	10	10
3.	"Лебяжі ауданының Қызылағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6
4.	"Лебяжі ауданының Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	17	17
5.	"Лебяжі ауданының Лебяжі ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	40	40
6.	"Лебяжі ауданының Майқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	8	8
	"Лебяжі ауданының Малыбай ауылдық округі әкімінің		

7.	аппараты" мемлекеттік мекемесі	14	14
8.	"Лебяжі ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	5
9.	"Лебяжі ауданының Шарбақты ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	16	16
10.	"Лебяжі ауданының Ямышев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	15	15
Барлығы		140	140

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ